

Ақмола облысының елді мекендер аумағында жер учаскелері жеке меншікке беру кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қазандағы № А-10/480 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2015 жылғы 21 қазандағы № 5С-42-3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 қарашада № 5106 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 10-бабы 1-тармағына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Ақмола облысының елді мекендер аумағында, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қоспағанда, жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. «Ақмола облысының елді мекендер аумағында жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № А-10/437 қаулысының және Ақмола облыстық мәслихатының 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № 5С-6-4 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3449 тіркелген, «Арқа ажары» және «Ақмолинская правда» газеттерінде 2012 жылғы 2 қазанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

С.Кулагин

*Ақмола облыстық мәслихаты
сессиясының төрайымы*

Е.Мащинская

*Ақмола облыстық
мәслихатының хатшысы*

Д.Нұрмолдин

Ақмола облысы әкімдігінің
2015 жылғы 21 қазандағы
№ А-10/480 қаулысына
қосымша

Ақмола облыстық мәслихатының
2015 жылғы 21 қазандағы
№ 5С-42-3 шешіміне
қосымша

Ақмола облысының елді мекендері аумағында, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қоспағанда, жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары

--	--	--

Елді мекендердің атауы	1 шаршы метр үшін теңгемен төлемақының базалық ставкасы	Тиісті өңірдің басқа елді мекендері үшін базалық ставкадан пайызы
Көкшетау қаласы	1050	25
Степногорск қаласы	800	20
Щучье қаласы	550	
Зеленый бор ауылы		60
Молбаза ауылы		60
Ключевое ауылы		40
Ақылбай ауылы		30
Бурабай ауданының басқа елді мекендері		15
Бурабай кенті	1120	
Оқжетпес ауылы		55
Сарыбұлақ ауылы		50
Ақкөл қаласы	510	
Талкара ауылы		30
Красный Горняк ауылы		30
Алексеевский лесхоз		30
Ақкөл ауданының басқа елді мекендері		15
Атбасар қаласы	516	15
Державинск қаласы	181	30
Ерейментау қаласы	307	25
Есіл қаласы	298	20
Макинск қаласы	440	20
Степняк қаласы	184	40
Аршалы кенті	340	
Жібек жолы ауылы		120
Жалтыркөл ауылы		90
Қостомар ауылы		80
Волгодоновка ауылы		70
Михайловка ауылы		60
42 разъезд		60
Арнасай ауылы		60
Бабатай станциясы		60
Аршалы ауданының басқа елді мекендері		40
Шортанды кенті	300	
Бозайғыр ауылы		100
Төңкеріс станциясы		90
Научный кенті		80
Дамса ауылы		80
Шортанды ауданының басқа елді мекендері		40
Ақмол ауылы	550	

Қосшы ауылы		90
Қараөткел ауылы		90
Қоянды ауылы		90
Талапкер ауылы		90
Қабанбай батыр ауылы		70
Қызыл суат ауылы		90
Қызылжар ауылы		70
Шубар ауылы		70
Воздвиженка ауылы		50
Қаражар ауылы		70
Тайтобе ауылы		70
Софиевка ауылы		50
Рақымжан Қошқарбаев ауылы		40
96 разъезд		70
Қажымұқан ауылы		40
Малотимофеевка ауылы		55
Максимовка ауылы		40
Нура ауылы		40
Өтеміс ауылы		40
Целиноград ауданының басқа елді мекендері		30
Астраханка ауылы	138	40
Балкашино ауылы	180	40
Егіндікөл ауылы	124	40
Зеренді ауылы	350	25
Жақсы ауылы	141	40
Қорғалжын ауылы	128	40